e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 18.09.2026
Сақтау күні 15.10.2026
Дата редакции 18.09.2026
Дата скачивания 15.10.2026

Успен ауданының мәслихаты

Павлодар облысы Успен аудандық мәслихатының 2026 жылғы 18 қыркүйектегі № 258/56 шешімі

Маслихат Успенского района

«Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 40-бабы 2-тармағына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі № 590 «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» қаулысына сәйкес, Успен аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қоса беріліп отырған ережесі (бұдан әрі – Ереже) бекітілсін.

2. Успен аудандық мәслихатының 2023 жылғы 9 тамыздағы № 36/5 «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» шешімі жойылсын.

3. «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

Ережені әділет органында тіркеу бойынша шараларды қабылдасын;

осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Успен аудандық мәслихаты аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Успен аудандық мәслихатының төрағасы **Ж. Бараисов**

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 18.09.2026
Сақтау күні 15.10.2026
Дата редакции 18.09.2026
Дата скачивания 15.10.2026

e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде
Редакциялау күні 18.09.2026
Сақтау күні 15.10.2026
Дата редакции 18.09.2026
Дата скачивания 15.10.2026

Успен аудандық
мәслихатының 2026 жылғы
18 қыркүйектегі № 258/56
шешімімен бекітілді

«Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – мәслихат аппараты) Успен аудандық мәслихатының (бұдан әрі – аудандық мәслихат) ұйымдастырушылық, құқықтық, материалдық-техникалық және өзге де қамтамасыз етуді жүзеге асыратын, депутаттарға өздерінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға көмек көрсететін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Мәслихат аппаратының ведомстволары жоқ.

3. Мәслихат аппараты өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Мәслихат аппараты коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Мәслихат аппараты азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Мәслихат аппараты егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Мәслихат аппараты өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Успен аудандық мәслихаты төрағасының өкімімен және «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрығымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Мәслихат аппаратының құрылымы мен штат санының лимиті «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қазақстан Республикасының басқа заңнамалық актілеріне сәйкес аудандық мәслихаттың шешімімен бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 141000, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Успен ауданы, Успен ауылы, Қазыбек би көшесі, 71.

Мәслихат аппаратының жұмыс тәртібі: дүйсенбі - жұма сағат 9:00-ден бастап сағат 18:30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13:00-ден 14:30-ға дейін, демалыс күндері: сенбі-жексенбі.

10. Осы Ереже мәслихат аппаратының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Мәслихат аппаратының қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Мәслихат аппаратына кәсіпкерлік субъектілерімен мәслихат аппаратының функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

2-тарау. «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің міндеттері, мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) аудандық мәслихаттың қызметін «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен сессиялар, тұрақты комиссиялар және өзге де органдар арқылы қамтамасыз ету;

2) аудандық мәслихаттың сессияларында жергілікті бюджет кірістерін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін

нормативтік құқықтық актілердің және азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің қабылдануын қамтамасыз ету;

3) аудандық мәслихат қабылдайтын нормативтік құқықтық актілердің орындалуын талдауды жүргізу мен есепке алуды, мемлекеттік функцияларды іске асыруды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету бойынша реттеушілік міндеттермен қамтамасыз ету;

4) аудандық мәслихат депутаттарының қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

5) Успен ауданы Қоғамдық кеңесінің қызметін ұйымдастырушылық қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

6) «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өз өкілеттіктері шеңберінде аудандық мәслихаттың қызметі туралы ақпаратқа қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін қажетті ұйымдық-техникалық және басқа да жағдайларды қамтамасыз ету;

7) «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық мәслихаттың ашық отырыстарын аудандық мәслихаттың интернет-ресурсында онлайн режимінде трансляциялауды қамтамасыз ету;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес аудандық мәслихат депутаттарының депутаттық өкілеттіктерді жүзеге асыруына байланысты олардың біліктілігін арттыруға ұсыныстар жіберілуін қамтамасыз ету және аудандық мәслихат депутаттарының біліктілігін арттыруға арналған шығыстарды жоспарлау.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

- белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдардан аудандық мәслихаттың қызметі мәселелері бойынша ақпарат сұрату;

- аудандық мәслихаттың және оның тұрақты (уақытша) комиссияларының қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауға қатысу үшін мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерін тарту;

- депутаттардың сауалдары мен депутаттық ұсыныстардың уақытылы қаралуын және іске асырылуын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік органдар мен ұйымдарға депутаттық сауалдар, ұсыныстар, үнқосулар, хабарламалар, шағымдар жіберу;

- қабылданған шешімдердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

2) міндеттері:

- өз құзыреті шегінде аудандық мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз ету;

- лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік органдарға аудандық мәслихаттың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша консультациялық-әдістемелік, ақпараттық, ұйымдық-техникалық және өзге де көмек көрсету;

- азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз ету.

15. Функциялары:

- аудандық мәслихат бекіткен мәслихаттың жұмыс жоспары негізінде, сондай-ақ мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдары, депутаттық топтар мен депутаттар, аудан әкімі енгізетін мәселелер бойынша аудандық мәслихат сессиясының дайындалуы мен өткізілуін қамтамасыз ету;

- аудандық мәслихаттың сессияларында жергілікті бюджет кірістерін қысқартуды немесе жергілікті бюджет шығыстарын ұлғайтуды көздейтін нормативтік құқықтық актілердің және аудан мәслихатының құзыреті шегінде қабылданған әрі азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік құқықтық актілердің қабылдануын қамтамасыз ету;

- нормативтік құқықтық актілерге заңнамалық сараптама жүргізілуін және мәслихаттың жалпыға бірдей міндетті маңызы бар, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты шешімдерінің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен аудандық мәслихат қабылдаған және (немесе) әзірлеушісі болып табылатын не оның

құзыретіне жататын ескірген, сыбайлас жемқорлық сипатындағы және тиімсіз іске асырылатын құқық нормалары бар нормативтік құқықтық актілерге қатысты тұрақты құқықтық мониторингті қамтамасыз ету;

- мәслихат қызметін қамтамасыз етуге арналған шығыстарды, іссапар шығыстарын өтеуді, депутаттарды депутаттық қызметті жүзеге асыру үшін қажетті кеңсе керек-жарақтарымен қамтамасыз етуді айқындау;

- «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес аудандық мәслихат сессияларын өткізуді ұйымдық-техникалық қамтамасыз етуді, аудандық мәслихат сессиясының онлайн-трансляциясын қамтамасыз ету;

- «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық мәслихаттың ресми сайтының үздіксіз жұмыс істеуін және уақытылы өзектендірілуін қамтамасыз ету;

- «Масс-медиа туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес аудандық мәслихат қабылдаған нормативтік құқықтық актілерді бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыру;

- «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірлеушісі аудандық мәслихат болып табылатын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын ашық нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру;

- аудандық мәслихаттың жұмыс жоспарын әзірлеу және оны аудандық мәслихаттың сессиясында қарау;

- аудандық мәслихаттың Медиа-жоспарын әзірлеуді қамтамасыз ету;

- тұрақты комиссиялардың отырыстарын, жария тыңдауларды, «дөңгелек үстелдерді», жұмыс сапарлары мен көшпелі отырыстарды дайындауды жүзеге асыру, қаралатын мәселелердің мәні бойынша материалдарды талдау, жинақтау және тұрақты комиссиялардың мүшелеріне уақытылы ұсыну, комиссиялар қаулыларының жобаларын әзірлеу және комиссия төрағаларымен келісу;

- аудандық мәслихаттың сайты, масс-медиа және әлеуметтік желілер арқылы тұрақты комиссиялар депутаттары жұмысының ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету;

- «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес сайлаушылардың кездесулер мен қабылдауларда айтқан өтініштері, ұсыныстары мен проблемалық мәселелерінің қорытындысы бойынша депутаттық сауалдардың дайындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ қажет болған жағдайда депутат ұсынысының жобасын әзірлеу және оны аудандық бюджет жобаларына, ауданды дамыту жоспарлары мен бағдарламаларына енгізу;

- сот органдарында мәслихаттың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

- аудандық мәслихаттың қызметі мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау.

3-тарау. «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Мәслихаттың төрағасы тұрақты негізде жұмыс істейтін лауазымды адам болып табылады. Оны мәслихат сессиясында депутаттардың арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы депутаттар жалпы санының көпшілік даусымен мәслихат сайлайды және қызметтен босатады. Мәслихаттың төрағасы мәслихат өкілеттігі мерзіміне сайланады.

Бір адам Успен аудандық мәслихатының төрағасы болып қатарынан екі реттен артық сайлана алмайды.

17. Мәслихат төрағасы лауазымына кандидатураларды мәслихат депутаттары мәслихат сессиясында ұсынады.

18. Аудандық мәслихат төрағасының өкілеттіктері:

1) мәслихат сессиясын және оның қарауына енгізілетін мәселелерді дайындауды ұйымдастырады, сессияның күн тәртібін қалыптастырады, хаттаманың жасалуын қамтамасыз етеді, мәслихат сессиясында қабылданған немесе бекітілген шешімдерге, өзге де құжаттарға қол қояды;

1-1) мәслихат сессиясын шақыру туралы шешім қабылдайды;

1-2) мәслихат сессиясының отырысын жүргізеді, мәслихат регламентінің сақталуын қамтамасыз етеді;

2) мәслихат депутаттарының өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына жәрдемдеседі, оларды қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, депутаттарды мәслихат сессияларына, оның тұрақты комиссияларының және өзге де органдарының жұмысына және сайлау округтеріндегі жұмысқа қатысуы үшін қызметтік міндеттерін орындаудан босатуға байланысты мәселелерді қарайды;

3) депутаттар сауалдарының және депутаттық өтініштердің қаралуын бақылайды;

4) мәслихат аппаратының басшысын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

5) сайлаушылар өтініштері туралы және олар бойынша қабылданған шаралар туралы мәслихатқа ұдайы ақпарат беріп отырады;

6) мәслихаттың өзге де жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимылын ұйымдастырады;

6-1) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 1-тармағына сәйкес әкімге сенімсіздік білдіру туралы мәселеге бастамашылық еткен мәслихат депутаттарының жиналған қолдарының төлнұсқалығын тексеруді ұйымдастырады;

7) өз құзыретіндегі мәселелер бойынша өкімдер шығарады;

8) мәслихаттың тұрақты комиссиялары мен өзге де органдарының және депутаттық топтардың қызметін үйлестіреді;

9) мемлекеттік органдармен, ұйымдармен, жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен және қоғамдық бірлестіктермен қарым-қатынастарда мәслихат атынан өкіл болады;

10) мәслихат шешімдерінің жариялануын қамтамасыз етеді, олардың орындалуына бақылау жасау жөніндегі іс-шараларды белгілейді;

11) «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Қазақстан Республикасының заңнамасында, мәслихат регламенті мен шешімінде көзделген өзге де өкілеттіктерді орындайды.

19. Мәслихат төрағасының мәслихаттың тұрақты комиссияларында болуға құқығы жоқ.

20. Успен аудандық мәслихатының төрағасы болмаған кезде оның өкілеттігін мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірінің төрағасы немесе мәслихат депутаты уақытша жүзеге асырады.

21. Егер мәслихат сессиясында дауыс беру кезінде мәслихат депутаттарының дауысы тең бөлінген жағдайда, мәслихат төрағасы шешуші дауыс құқығын пайдаланады.

22. Мәслихат аппаратын аппарат басшысы басқарады, оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес аудандық мәслихат төрағасы лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады.

23. Мәслихат аппараты басшысының өкілеттіктері:

1) мәслихат аппаратының қызметіне басшылық жасайды;

2) өз құзыреті шегінде аппараттың қызметін ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

3) мәслихат аппаратының «Б» корпусының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерін мемлекеттік лауазымдарға тағайындайды және мемлекеттік лауазымдардан босатады;

4) мәслихат аппаратының тәртіптік және конкурстық комиссияларының қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады;

5) қызметтік тәртіптің сақталуын бақылауды жүзеге асырады;

6) мәслихат аппаратының мемлекеттік қызметшілерін іссапарға жіберу, оларға демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, көтермелеу, оларға үстемеақылар белгілеу мәселелерін шешеді;

7) мәслихат аппараты мемлекеттік қызметшілерінің тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін шешеді;

8) өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етеді;

9) мәслихат сессияларын, мәслихаттың тұрақты және уақытша комиссияларының отырыстарын ұйымдастырады;

10) мәслихат шешімдерінің жобаларын, мәслихат депутаттарын іссапарға жіберу жөніндегі және мәслихат төрағасы немесе мәслихаттың тұрақты комиссиясының төрағасы болмаған жағдайда міндеттерді жүктеу жөніндегі бұйрықтарды дайындайды;

11) депутаттардың біліктілігін арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

12) аппарат басшысына жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

4-тарау. «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі

24. Мәслихат аппараты заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлікке ие болуы мүмкін.

«Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (оның ішінде ақшалай кірістер) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

25. «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

26. «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша оған берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге құқылы емес.

5 тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

27. «Успен ауданының мәслихат аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.